



ҚАУЛЫ

« 08 » тамыз 2012 ж.

№ 488

Форт-Шевченко қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

« » 20 г.

№

город Форт-Шевченко

**Түпқараған ауданы әкімдігінің
оралымды басқару құқығындағы
«Айналайын» балабақшасы
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынын құру туралы**

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» 19 маусым 1995 жылғы 4-бабын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 23 қаңтар 2001 жылғы Заңының 31-бабын және «Білім туралы» 27 шілде 2007 жылғы Заңының 42-бабын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түпқараған ауданы әкімдігінің оралымды басқару құқығындағы «Айналайын» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны құрылсын (бұдан әрі – кәсіпорын).

2. Құрылған кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы болып «Түпқараған аудандық білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып белгіленсін.

3. Кәсіпорын Жарғысы бекітілсін.

4. Түпқараған аудандық экономика және қаржы бөлімі (А.Ермекова) коммуналдық меншік нысандар тізбесіне тиісті толықтырулар енгізсін.

5. «Айналайын» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының директоры кәсіпорынның құрылтай құжаттарын Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткізсін және осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларын алсын.

6. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімі орынбасары Т.Алтынғалиевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізілді.

Аудан әкімі



Т. Т. Асауов